


“Уақыт Таңдауы” Агенттігімен бірлескен жоба

# “Уақыт Таңдауы” байқауының жеңімпаздары




Республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің республикалық «Уақыт Таңдауы – Выбор Времени» Агенттігімен бірлескен жобасы бойынша Наурыз мерекесінің қарсаңында дәстүрлі жыл таңдауылары айқындалған болатын. Құттықтай отырып жеңімпаздарды таныстырамыз.



## «Жыл Адамы» – Қазақстан және КСРО Халық әртісі Асанәлі ӘШІМОВ

«Уақыт Таңдауы» Агенттігі мен республикалық қоғамдық-саяси «Президент және Халық» газетінің бірлескен жобасы бойынша «Жыл адамы» аталымы бірауыздан өйгілі актер, көрнекті режиссер, бүгінде сексеннің төріне ұмтылған Асанәлі Әшімовке берілді. Асанәлі Әшімов «Қазақфильм» киностудиясының және М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері, режиссер, Қазақстанның Халық әртісі (1976), КСРО Халық әртісі (1980). Асанәлі Әшімұлы Әшімов 1937 жылы 8-мамырда Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жайылма ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Алматы консерваториясын бітірген. Студент кезінде әр түрлі фильмдерде Кенжетай («Ботагөз», 1957), Жанай («Асау Ертіс жағасында», 1959), Бектасов («Бір ауданда», 1960), Болат («Ұшы қырыс жол», 1960) рөлдерін ойнады. Консерваторияның актерлік факультетін бітірген соң «Қазақфильм» киностудиясында Мұрат («Менің ұлым», 1962), Ескендір («Торай», 1963), Тұрар («Тұлпардың ізі», 1964) сияқты әр алуан бейнелер жасады. 1964 жылы Қазақ академиялық драма театрына шақырылады (1987 — 1988 жылы осы театрдың көркемдік жағын басқарды). Театрда С.Қожамқұлов, С. Майқанова, Ш. Айманов, Х. Бөкеева, К. Қармысов сынды өнер тарландарының шеберлік мектебінен тәлім алды. Театрдағы тұңғыш ролі М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» спектакліндегі — Айдар ролі. Содан кейін Кебек, Шуақ (Әуезовтің «Еңлік — Кебігі» мен «Қарақыпшақ Қобыландысында»), Қозы, Қолар (Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлуында»), Сәнжан (Ә. Таразидің «Күлмейтін комедиясында»), Әсіпбай (Ш. Айтматов пен Мұхамеджановтың «Көктөбегі кездесуінде») образдарын сахналады. Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен терінде» иірімді Еламан бейнесі үшін 1974 жылы КСРО мемлекеттік сыйлығына ие болды. Асанәлі Әшімов қазақ киносын әлемдік деңгейге көтерген актерлердің бірі. Оның кинодағы Бекежан («Қыз Жібек», 1971), Шадиаров («Атаманның ақыры», 1971) рөлдері 1972 жылы Қазақстанның мемлекеттік сыйлығымен аталып өтті. Мәмбет («Сарқырама», 1973), Қасымханов («ТрансСібір экспресі», 1977, бүкілодақтық II-кинофестивальдің жүлдесі, 1978), Кемел («Нан дәмі»), Нұрғазы («Алатаудың ай мүйізі»), Қаражал («Жаушы», 1980), Шыңғыс хан («Бұлғар даласынан ескен жылы жел», 1998) рөлдері нағыз актерлік шеберліктің үлгісі іспетті. Әшімов режиссер ретінде кең танылды. Ол сахналаған Н. Гогольдің «Ревизор» (1979, өзі Дуанбасының рөлін ойнады), Ф.Мүсіреповтың «Амангелді», И. Оразбаевтің «Мен ішпеген у бар ма?!» (екесі де 1987), С. Ванустын «Сұлтан болсам егер мен» (1988), Ж. Айтматовтың «Ақбілек» (1989) спектакльдері мен ол түсірген «Жылан жылы» (1981), Цой Гук Инмен бірге түсірген; 1982 жылы Таллинде өткен бүкілодақтық 15-кинофестивальдің дипломына ие болды), «Шокан Уәлиханов» (1984; 4 сериялы телефильм, өзі Шыңғыстың рөлін ойнады), «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» (1995) фильмдер Әшімовтің режиссерлік шығармашылығының да кең ауқымын көрсетеді. Әшімов өнеріне арналған «Асанәлі» деректі фильмі (1986, реж. И. А. Вовнянко) түсірілді. Әшімов – Жамбыл және Шымкент университеттерінің құрметті профессоры. 1979-1982 жылдары педагогикалық қызметпен шұғылданды. 1990 жылдан «Елім-ай» киностудиясының президенті. «Парасат» орденімен марапатталған. Асанәлі Әшімов жазушылықпен де айналысып жүр. Оның «Майраның әні», «Жан бөлек», «Алаштың Асанәлісі», «Менің жанрым – күнделік», «Ғұмыр-дария» сияқты кітаптары жарық көрген. Шығармашылық тұлға ретінде оның өмірі жастарға өнеге.



## «Жылдың үздік баспа кешені» – «ҚАЗАҚПАРАТ» баспа корпорациясы Президенті – Қонысбек БОТБАЕВ

Ширек ғасырға жуық тарихы бар «ҚАЗАҚПАРАТ» корпорациясы Тәуелсіз Қазақстанның баспа-полиграфия саласында жүйелі жұмыстарымен көзге түсіп келе жатқан өндіріс орны. Алғашында көркем-әдеби кітаптар шығаруды қолға алған баспа келе-келе сан-салалы, оның ішінде ғылыми, қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық, экономика мен өндіріс, музыка, бейнелеу өнері, жастар мен балалар тақырыбындағы оқырманға қажетті қызықты да құнды, сәнді де әсем кітаптар шығаруды кәсіби түрде меңгерді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында онтомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ музыкасы» антологиясы көптомдықтары да осы баспадан жарық көрді. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту бағдарламасы бойынша баспадан шыққан 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» тілші-ғалымдар мен баспа ұжымының қоян-қолтық еңбегінің айқын көрінісі. Баспа ұжымы 2016 жылы Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығына орай атақты тарихшы Мұхаммед Қайдар Дулатидің «Тарих-и Рашид» атты еңбегінің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасын түрлі-түсті безендіріп басып шықты. Бұл еңбекті басып шығаруға көрнекті тарихшылар мен ғалымдар белсене атсалысты. Аталмыш кітап 2016 жылы Мәскеу қаласында ТМД елдері арасында өткен «Кітап өнері» атты халықаралық кітап жармеңкесінде Гран-при жүдесіне ие болды. Баспа ұжымы кітап басып шығару сияқты жауапты салада жана, соны ізденістерге тұрақты түрде бой ұрады. Мақсат – эстетикалық талғамы зор қазіргі заманғы оқырманға лайықты дүние ұсыну. Кітап басу үрдісінде осы заманғы ғылым мен технологияның жаңа жетістіктеріне сүйене отырып, әртүрлі үлгідегі, көркемделуі ерекше, сериялы кітаптарды шығару жолға қойылғаны да сондықтан. Мысалы, «Әдебиет әлемі» сериясы бойынша қазақ әдебиетінің алыптары ақын-жазушылар Қ.Мүсірепов, М.Мақатаев, О.Бөкей, С.Мұратбеков, Т.Әлімқұловтың көлемі 1000 беттен асатын көз жауын алардай әдемі безендірілген түрлі-түсті кітаптары баспадан басылып шықты. «Сөз сарасы» сериясы бойынша ақын-жазушылар Қ.Аманжолов, Қ.Мырза Әлі, Д.Исабеков, Н.Сералиев, С.Асанов, М.Қалдыбаевтың т.б. дүниелері жарық көрді. «XX ғасыр прозасы» сериясымен белгілі жазушылар М.Байғұт, Ж.Қорғасбек, Н.Ораз, т.б. кітаптары баспа жүзін көрді. «Поэзия және заман әдебиеті», «Жас толқын» серияларымен бір топ жас ақын-жазушылардың кітаптары баспа қоржынынан оқырманға жол тартты. Ұжымда өз ісін жетік білетін тәжірибелі мамандар мен техникалық қызметкерлер шоғырланған. «Қазақпарат» баспа корпорациясын ҚР Мәдениет қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, жазушы Қонысбек Ботбай басқарады. Баспада қызмет істейтіндердің дені – осы салада көптеген жылдар еңбек етіп келе жатқан мамандар. Тәуелсіздік мерекесінің 25 жылдығы қарсаңында баспаның бір топ мамандары «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды. Баспа Германияда, Беларусьте, Ресейде, Қырғызстанда, Түрікменстанда, т.б. елдерде өткен халықаралық кітап байқауларында жүлделі орындарды иемденіп келеді. Қазақ елі тәуелсіздік алған алғашқы жылдары негізі қаланған баспаның қазіргі кезеңде төл мәдениетіміздің, әдебиетіміздің дамуына, қалыптасуына, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді.



## «Жылдың үздік мұражайы» – ҚР Мемлекеттік Орталық музейі Директоры – Нұрсан ӘЛІМБАЙ

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын мәртебесін иеленген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағындағы іргелі музейлердің бірі. Музейдің қор коллекциясы еліміздің ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі тарихы және мәдениетімен таныстыратын 300 мыңға жуық жәдігерлік құрайды. Музей тарихы XIX ғасырдың 30-жылдары Орынбордағы әскери училищенің өлкелік «музейінен» басталады. Кейін Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға, одан Алматыға ауыстырылғаннан кейін, музейдің де мәртебесі біртіндеп өсе түсті. ҚазКСР Халық Комиссариаты Кеңесінің 1944 жылғы 23-мамырдағы №275 Қаулысына сәйкес музейге Мемлекеттік Орталық музей атауы берілді. Музей бүгінгі таңда еліміздің өзге де ғылыми-зерттеу мекемелерімен тең дәрежеде іргелі және қолданбалы зерттеулермен айналысуға қабілетті іргелі ғылыми құрылымға айналды. Қазір музейде 231 адам жұмыс істейді, оның 152-і біліктілігі жоғары маман, оның ішінде 4 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты, 1 PhD доктор, 40 магистр еңбек етеді. Музейдің қазіргі ғимараты 1985 жылы сәулетшілер Ю.Ратушный, З.Мустафина және Б.Рагалиевтердің арнайы жобасы бойынша салынды. Ғимараттың үш қабатында палеонтология кезеңінен бастап Қазақстанның ежелгі, ортағасыр, жаңа және қазіргі тарихы мен мәдени дәстүрлері жайлы толық мағлұмат беретін сан алуан экспозициялар орналасқан 7 тұрақты зал жұмыс істейді. Соңғы жылдары музей басшылығы халықаралық музей қоры ісінің теориясы мен тәжірибесіне сәйкес музейдің екі негізгі салалық қызметін – ғылыми-зерттеу және мәдени-білім беру қызметін тиімді орындауының басты шарты және негізгі факторы ретінде оның ғылыми базасын күшейтуге бағытталған нақты қадамдар жасады. Ел тарихындағы елеулі оқиғаларға, өнер қайраткерлерінің мерейтойларына, бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген қылқалам шеберлерінің шығармашылығына арналған 30 көрме ұйымдастырды. Музей залдарында 2776 шолу және тақырыптық экскурсиялар өткізілді. Бұдан өзге 200-ге тарта музейлік дәрістер, 60-тан астам музейлік сабақтар, ЖОО студенттері үшін 3 музейлік тәжірибе келушілерге мол мағлұмат сыйлады. Музей коллекцияларының электронды каталогтарын құруға арналған компьютерлік бағдарлама – «МУЗЕОЛОГ» электронды каталогының мәліметтер базасына барлығы 1838 сактам бірлік енгізілді. Музей мұражай ісі тиімділігінің басты факторы ретінде ғылыми-зерттеу жұмысына айрықша көңіл бөледі. Айталық, «Ғылыми каталог» және «Қола дәуіріндегі Қазақстан» (б.з.д. XVIII-IX ғғ.) атты 2 ғылыми-зерттеу жобасы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама тарапынан жоғары бағаға ие болды. Музей өткен жылы ғана «Қазақ хандығының құрылуы», Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «VIII Оразбаев атында», Алматының 1000 жылдығын атап өту шаралары аясында «Алматының Қазақстанның және әлемнің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға мүрнандық болды. Аса көрнекті халық ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орай «Ұстаз ұлағаты» атты ғылыми форум да бірегей формасымен жұртшылық есінде қалды. Музей басшылығының мұрнандық болуымен Торғай көтерілісінің атақты батыры Кейкі батырдың бас сүйегінің фрагменттері Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан туған еліне қайтарылды.



## «Жылдың үздік колледжі» – Солтүстік Қазақстан кәсіби-педагогикалық колледжі Директоры Жеңіс ӘБІЛМӘЖІН

Солтүстік Қазақстан кәсіби-педагогикалық колледжі орта білімнен кейін техникалық, кәсіптік білім беру саласында үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп келе жатқан арнаулы оқу орны. Ол тек өңірде ғана емес бүкіл республика аумағында көшбастаушы колледждер қатарында. Колледж бүгінде оқу-өндірістік, әлеуметтік-педагогикалық әрі экспериментальдық кешен. Күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінде студенттер 16 мамандық бойынша білім алады. Мұнда білім беру электрондық оқулықтар, желілік технологиялар, мультимедиялық курстар, шәкірттердің жобалық қызметі сияқты оқытудың соны үрдістеріне негізделген. Ондаған лабораториялар, шеберханалар, спорт залдары мен алаңдар, үлкен машина-трактор паркі, кітапхана, жатақхана студенттер игілігіне берілген. Интернет жұмыс істеп тұр. Жеті кабинетте интерактивті тақталар орнатылған. Voxford компаниясының токарлық, фрезерлік станоктары, «АОК» автоматты оқыту кешені, дәнекерлеуші тренажеры оқып, үйрену үрдісін жеңілдетеді. Колледж Норвегияның РКК қорының «Қазақстан-Норвегия ынтымақтастығы» жобасына қатысушы. Еліміздің «Жол картасы» және «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламалары бойынша өңірдегі шаруашылықтарда жұмыс істеу үшін тракторист-машинистер, электромонтерлер, электрогазбен дәнекерлеушілер әзірленеді. Оқу өндірістік тәжірибемен де ұштастыр жаталы. Айталық, «Кнауф Гипс Қапшағай», Германия өкілдігінің оқу орталығы, «Ростсельмаш», «Богви», «Акционер-Петропавловск» сияқты мекемелермен тығыз байланыс орнатылған. Шәкірттер сол кәсіпорындарда тәжірибеден өтеді, семинар-тренингтерге қатысады. Бүгінгі таңда оқу орнында С.Н.Цулко, С.А.Абраменко, В.Н.Бакурова, Н.В.Лебедева, Т.И.Машенцева, Ш.К.Әбілмәжінова, А.И.Киреев, Н.П.Гламздина, Б.Б.Басығарина, Д.А.Ветошкин, В.А.Ложкин сияқты үздік педагогтар еңбек етіп жүр. Колледж іргетасы Петропавл индустриалдық техникумы ретінде 1957 жылы қаланған. Арада аты бірнеше рет өзгергенімен, колледж 2000 жылдан бері Солтүстік Қазақстан кәсіби-педагогикалық колледжі деп аталады. Мұнда 2009 жылдан бері сапа менеджментінің жүйесі енгізілген. Ұжым жыл сайын халықаралық ИСО 9001:2009 стандартына сәйкестігі бойынша инспекциядан өтеді. 2015 жылы Швейцарияның Бизнес пен INSAM басқару жоғарғы институтының талдамалық зерттеу орталығының нәтижесі бойынша Солтүстік Қазақстан кәсіби-педагогикалық колледжі үздік білім беру мекемесі ретінде танылып, Мадаг грамотасымен, сондай-ақ «Алтын Үкі» сыйлығымен марапатталды. Өткен жылы колледждерді дәрежелу қорытындысы бойынша «2015 жылғы сала көшбасшысы» атанды. Ұжым педагогтары өз салалары бойынша 25 оқулықтың авторы. Тек өткен жылы ғана «Студенттерді кәсіпкерлік қызмет негіздеріне оқыту – бәсекеге қабілеттілікті арттырудың жолы» деген тақырыпта жаңа инновациялық жоба әзірленді. Бұл жоба II республикалық педагогикалық оқулар кезінде 2 орын алды. Колледж студенттері «Тіл – достықтың алтын көпірі», «Жас шешен», «Мың бала...», «Қазақ хандығының қалыптасу тарихы», «Еңбек адамын ардақтайық», «Отаным, саған арнаймын!» «Мен – Қазақстан патриотымын!» сияқты республикалық, облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Колледжде экологиялық «Атамекен», әскери-патриоттық «Ер Отан», клубтарының жұмысы да кенінен белгілі.